



ӘЛЕУМЕТТІК, МӘДЕНИ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

СЕГІЗІНШІ ОТЫРЫС

«ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЛАРЫНДА ТҮРКПА-НА МҮШЕ ЕЛДЕРДІҢ АУЫЛДЫҚ ЖЕРДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК АХУАЛЫ»

ҰСЫНЫМДАР

Парламенттік ассамблея:

Біріккен Ұлттар Ұйымының ауылдық жерде жұмыс істейтін шаруалар мен өзге тұлғалардың құқықтары туралы 2019 жылғы 21 қаңтардағы Декларациясын, жұртшылық үшін (COVID-19) коронавирустық ауруға қатысты Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының 2020 жылғы 1 желтоқсанда жаңартылған ұсыныстарын, 2020 жылғы 10 сәуірдегі пандемияға байланысты жаһандық жауап шаралары туралы Түркі кеңесінің 8-ші президенттік саммиті **назарға ала отырып,**

Әлеуметтік даму - бұл ауылдық қоғамдағы әрбір адамның тіпті ол пандемия кезінде (Ұжымдық жауапкершілік ауылдық жердегі әлеуметтік өмірді нығайту жолымен тіршілікке қабілеттілікті қамтамасыз ету, фермерлерді қолдау, көп балалы шаруа отбасыларын, жас фермерлерді, әйелдерді, ауыл шаруашылығындағы қарттар мен мүгедектерді, сондай-ақ пандемия жағдайларында ауылдық инновацияларды ынталандыру және т.с.с. болып табылады) өзінің максималды потенциалына қол жеткізе алатындай әл-ауқатын арттыру туралы жаһандық тезисті **қабылдай отырып,**

ТҮРКПА-ға мүше-елдердің ауылдық аумақтарының орасан зор әлеуетін Түркітілдес елдердегі бірегей әлеуметтік-мәдени кеңістіктің даму құралы ретінде **мойындай отырып,**

Әлеуметтік қорғау жүйелері ТҮРКПА-ға мүше-елдерде өмір сүру мен және тіршілік етуді қорғау үшін COVID-19-ға жауап ретінде кеңейтілуі тиістігін **түсіне отырып,**

Ауылдық жерде тұрып жатқан шаруа әйелдер және басқа әйелдер өз отбасыларының экономикалық өмір сүруде маңызды рөл атқаратынын және ауылдық және ұлттық экономикаға, оның ішінде экономиканың ақшалы етілмеген секторларындағы жұмысы арқылы үлес қосатынын **баса айта отырып,**

ТҮРКПА-ға мүше елдердің ынтымақтастығынан, пандемия жағдайларында ауыл тұрғындарының өмірін жақсартуға және жеңілдетуге бағытталған ақпаратпен және бірлескен іс-әрекеттермен алмасудан келетін пайданы **сезіне отырып,**

Жаңа немесе кеңейтілген шараларды әзірлеу және енгізу кезінде ауыл тұрғындарының, атап айтқанда әйелдер мен қыздар, байырғы халықтар, мүгедектер, қарттар, мигранттар және маусымдық жұмысшылар сияқты осал топтардың қажеттіліктері мен ерекшеліктерін есепке алу қажеттігін *ескере отырып*,

Еңбекті қорғау мен еңбек гигиенасы жөніндегі шаралардың орындалуын және қолжетімділігін қамтамасыз ету кезінде тіршілік ету құралдарының көздерін қорғау мен қолдау табыстарды қорғау үшін әлеуметтік қолдау шараларының, еңсерудің теріс стратегияларының алдын алудың және аграрлық азық-түлік жүйесіндегі өндірісті қолдау жөніндегі шаралардың (мысалы, тұқымдарды, жануарларды, балық аулайтын торларды, басқа да ресурстарды бөлу; кадрларды даярлау; нарыққа қол жеткізу; шағын өндірушілерден мемлекеттік сатып алу) үйлесімін талап ететінін *мойындай отырып*,

Ұлттық парламенттерге келесі мәселелерді ұсынады:

- 1) ауылдық жердегі мәселелер бойынша мүше-елдер арасындағы өңірлік және екі жақты тиімді ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған *шара қолдану* (ортақ заңнамалық электронды платформаларды, үлгі заң жобаларын, практикумдар, семинарлар, мәжілістер, бірлескен өндіріс, ауылдық фестивальдар, ортақ жобалар мен ТҮРКПА-ға мүше елдердегі іс-шаралардың өзге түрлерін қолдау арқылы);
- 2) ауылдық жердегі әлеуметтік зерттеулердің кез келген деректерін *қолдау*; әрбір пандемия сияқты форс-мажор жағдайларды ескере отырып, ауылдық жерлердегі әлеуметтік өмірдегі ТҮРКПА-ға мүше елдердің заңнамасын *зерделеу*;
- 3) қолданыстағы заңнамаға немесе болашақ үлгі заңдарға гигиена, «әлеуметтік» қашықтық, коменданттық сағат, жүріп-тұруға шектеулер, қалаларға кіруге және қалалардан шығуға рұқсаттарға қойылатын талаптар, толық емес жұмыс күн, үйден жұмыс істеу, саяхатшылар үшін қажетті 14 күндік карантин, сондай-ақ бәрін «үйде қалуға» шақыру, салықтар мен төлемдерді кейінге қалдыру, мемлекеттік және волонтерлік әлеуметтік бағдарламалар, мобильді медициналық қызметтер, ауылдық аумақтар үшін электронды медициналық консультациялар, көп балалы отбасыларға, ауыл шаруашылығындағы жас фермерлерге, әйелдерге, қарттар мен мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсету; ауылдық инновациялық қызметті көтермелеу және пандемия жағдайында цифрландыру; әлеуметті сақтандыру шараларын *жүзеге асыру* (ауыру парақтары, медициналық сақтандыруды ұсыну немесе сақтандыру жарналарын қаржыландыру, жарналардан босату, кеңейтілген зейнетақы бағдарламалары немесе жеңілдіктер) сияқты пандемияға қарсы әрекет етумен байланысты әлеуметтік мазмұн *беру*;
- 4) әрбір елдің тәжірибесін зерделеу үшін осал ұсақ фермерлерге, бақташыларға, балық аулаушылар мен орманшыларға, сондай-ақ азық-түлікпен жабдықтаумен айналысатындар үшін қолдау көрсетуге арналған әлеуметтік шаралар мен технологияларды салыстыру бойынша күшті *белсендіру*;
- 5) COVID-19-дың салдарын еңсеруде ауылдық қауымдарға көмек көрсету үшін жергілікті медицина қызметкерлері мен фармацевттердің жергілікті желілерін және еріктілердің бағдарламаларын *жұмылдыру*;
- 6) пандемия кезінде ауылдық жерді қоса алғанда халық үшін ауыр тиетін болатын бағалардың өсу үрдісін *қадағалау*;
- 7) салықтар мен банктік несиелер бойынша шаруа төлемдерін реттеудің нормативтерін *жеңілдету*; ауылшаруашылық өндірушілерге қатысты салық саясатын қайта қарау, табыс

- салығын төлеуден ішінара босату, сатудан салықтарды төлеуден босату, кез келген басқа да жеңілдіктер;
- 8) ауылдық жерде цифрлық құралдарды пайдалануды ұлғайту үшін цифрлық инфрақұрылымға және қолдаушы экожүйеге инвестицияларды *шапшаңдату*, ТҮРКПА-ға мүше елдердің аумақтарында жоғары сапалы ауылшаруашылық технологиялардың бірлескен өндірісіне мүмкіндік туғызатын төртжақты Тұжырымдаманы келешекте *ойластыру*;
 - 9) ауылдық фестивальдарды өткізу бойынша (оның ішінде онлайн режимде) ТҮРКПА ынтымақтастығының орасан зор әлеуетін *сезіну*;
 - 10) агротехнологиялар саласында мамандардың алмасуын және олардың бірлескен қызметін *ынталандыру*;
 - 11) арнайы сұрақтар бойынша ТҮРКПА-ға мүше елдердің ұлттық агрокомпаниялары арасындағы түрлі диалогтарды *ұйымдастыру*;
 - 12) әйелдер мен жастарға ерекше назар аударып отырып, фермерлер үшін Түркі агротехникалық академиясының бағдарламасын (электронды оқытуды қоса алғанда) *құру*; дистанциялық байқап көруді, жоғары дәлдікті спутниктік навигацияны, геоақпараттық жүйелер мен машина жабдығының технологияларын пайдаланумен ауыл шаруашылығындағы ауылшаруашылық тауарлары бойынша өндірушілер мен консультанттарға арналған ауыл шаруашылығын басқару жүйесін әзірлеп *шығару*;
 - 13) облыстық басқармаларға бармай-ақ электронды үкімет арқылы фермерлерді тіркеу жүйесіне өтініштер *беру*;
 - 14) ауылдық жерде неғұрлым күшті білім беру инфрақұрылым құрылуын қолдаудың қажеттігін *сезіну*;
 - 15) өмірді жақсартудың әлеуметтік құралы ретінде пандемия жағдайларында ауылдық жердегі еңбек нарығын әртараптандыруға мүмкіндік *туғызу*;
 - 16) ауылдық жерлерде заманауи әлеуметтік баспана Тұжырымдамасын *әзірлеу*;
 - 17) пандемия кезінде ауылдық жерлерде қарт адамдар, жалғыз басты зейнеткерлер, мүгедектер, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жұмыс істейтін еріктілердің қызметін *қолдау*;
 - 18) ауылдық жерлерде медициналық персоналға көмек көрсету үшін және елдің түрлі жергілікті ауруханаларына 3D-басу медициналық құрылғыларын қайырымдылық сыйға тарту үшін бастапқы коды ашық бағдарламалық және аппараттық шешімдердің тізімін *кеңейту*; терапевт-мамандар карантин кезінде өзінің психологиялық саулығын басқаруда қиындық шеккен адамдарға қолдау көрсете алатын және алғашқы психологиялық жәрдем бере алатын тегін телефон желісін *құру*;
 - 19) алғашқы сектордың бастапқы ресурстарына (тыңайтқыштар, пестицидтер) қол жеткізуді қорғап, ауылшаруашылық өнімін экспорттаушылар үшін маркетингке және логистикаға шыққан шығындарын *жабу*;
 - 20) төлем төленбеген жағдайларда қызметтердің тоқтатылмауын қамтамасыз ету үшін мамандандырылған Ауылды дамытудың ваучерлері бағдарламасы офисы арқылы тікелей және кепілденген көп отбасылық ваучерлер *құру* (электр мен жылытуға, табиғи газға, суға, санитария мен отынға баға ұлғайтылмауы тиіс);
 - 21) бірінші төлемнің мерзімін кейінге қалдыру мүмкіндігімен, кәсіпкерлерге және өзін өзі жұмыспен қамтыған адамдарға өзінің қарызын өтеуге мүмкіндік беретін «электронды үкімет» платформасының аясында қаржылық көмек *көрсету*;
 - 22) «Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту туралы» заң жобасын әзірлеу мақсатында COVID-19-дан кейін қалыптасқан әлем жайлы азаматтардың пікірін *жинау*;

- 23) ауылдық жерде ветеринарлық және фитосанитарлық қауіпсіздікті *дамыту*; шалғайдағы ауылдық аудандар үшін жылжымалы медициналық пойыздар идеясын *қолдау*;
- 24) ауылдық жерді мобильді медициналық кешендермен және медициналық пойыздармен, сондай-ақ ветеринарлық зертханалармен *қамтамасыз ету*;
- 25) мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту үшін арнайы мектеп бағдарламалары бойынша қашықтықтан білім алуын *жалғастыру*;
- 26) балаларға арналған арнайы бағдарламалар *әзірлеу*: а) бір жастан алты жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік атаулы көмекті тағайындау кезеңінде (айына бір рет - азық-түліктер жинағы, әр тоқсанда бір рет - тұрмыстық химия жинағы); б) алты жастан сегіз жасқа дейінгі балалар тиісті оқу жылының ішінде, ол келесілерді қамтиды: - мектеп формасының жинағы немесе спорттық киім жинағы мен жазу құрал-жабдықтарының жинағы; - оқу жылының ішінде бір реттік ыстық тағам;
- 27) денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық қызметкерлердің мобильді бригадаларымен *қамтамасыз ету*;
- 28) КВИ-дің таралуын болдырмау үшін ауылдық алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарында медициналық жоғары оқу орындарының резидент-дәрігерлерін тартудың есебінен Call-орталықтарын *құру*;
- 29) ауыл халқына медициналық көмек көрсетудің тиімді моделін құру, медициналық көмекке қол жеткізуді жақсарту, ауылда нысандар салу, ауылдың денсаулық сақтау саласын цифрландыру бойынша мүмкін болатын бірыңғай «жол картасы» туралы мәселені *қарастыру*;
- 30) ауылдық жерлерде онлайн-қызмет үшін виртуалды электронды пошта карталарын *енгізу*.